

## Жергілікті атқарушы органдар борышының 2022 жылға арналған лимиттерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 1 қарашадағы № 95 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 3 қарашада № 25001 болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 210-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар борышының 2022 жылға арналған лимиттері белгіленсін.

2. Мемлекет міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясаты департаменті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі

А. Иргалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2021 жылғы 1 қарашадағы № 95  
Бұйрыққа қосымша

## Жергілікті атқарушы органдар борышының 2022 жылға арналған лимиттері

№	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдар борышының лимиті, мың теңге
1	2	3
1	Ақмола облысы	89 469 216,4

2	Ақтөбе облысы	92 943 831,9
3	Алматы облысы	137 748 057,0
4	Атырау облысы	66 682 401,2
5	Батыс Қазақстан облысы	91 298 812,1
6	Жамбыл облысы	129 523 805,9
7	Қарағанды облысы	136 071 393,5
8	Қостанай облысы	92 254 780,3
9	Қызылорда облысы	99 527 907,8
10	Маңғыстау облысы	72 675 253,2
11	Павлодар облысы	78 883 034,7
12	Солтүстік Қазақстан облысы	79 028 984,1
13	Түркістан облысы	173 520 799,3
14	Шығыс Қазақстан облысы	135 270 385,1
15	Алматы қаласы	266 394 411,9
16	Нұр-Сұлтан қаласы	227 579 483,5
17	Шымкент қаласы	126 595 687,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК